

## 1. Тыңдалым

Экология деген сөз "тіршілік ету мекені, өмір сүретін орта" туралы ғылым дегенді білдіреді. Алғаш рет 1886 жылы "экология" терминін атақты неміс биологы Эрнест Геккель ғылымға енгізген және "Экология - табиғат пен тірі ағзалардың өзара қарым-қатынасын зерттейтін ғылым" деген анықтама берген. Бүгінде тәуелсіз Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлем алдында экология мәселелері тұр. Адам ақыл-ойының нәтижесі алып ракеталар, атом станциялары, зауыттар, т.б. ғылыми прогресс жетістіктері өмірімізді байыта, жеңілдете түсумен қатар қауіп-қатер туғызуда. Осының бәрі экологиялық сананың жеткіліксіздігінен, адамдардың болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін жете сезінбеуінен. Адам өміріне экологиялық зардаптардың әсер ете бастауы олардың қоршаған ортаға жыртқыштықпен қарауының салдары.

Бүгінде санасында сәулесі бар әрбір адамды туған жердің табиғатының тағдыры толғандыруы керек. Ауылдық жерлердегі экологиялық, санитарлық, эпидемиялық жағдайдың нашарлауы салдарынан жұқпалы аурулар көбейіп отыр. Адамдар ядролық жарылыстардың зардабын әлі де тартуда, рак, өкпе, қан аздығы, қант диабеті, қан қысымының жоғары болуы, жүрек, психикалық аурумен ауыратындар көп.

1. Мәтін не туралы?

- А) табиғат
- Ә) экология
- Б) ядролық жарылыс
- В) туған жер
- Г) ауылдық жер

2. Экология деген не?

- А) ғылым
- Ә) ереже
- Б) анықтама
- В) жұқпалы аурулар
- Г) табиғат

3. «Экология» терминін алғаш енгізген ғалым

- А) Жак ив Кусто
- Ә) Ч. Дарвин
- Б) Эрнест Геккель
- В) Айтхожин
- Г) Павлов

4. «Санасында сәулесі бар» тіркесіне мағыналас сөзді көрсетіңіз

- А) ақылды
- Ә) сүйкімді
- Б) көрікті
- В) әдепті
- Г) белгілі

5. Мәтіннен ядролық жарылыстардың зардабын көрсететін жолдарды табыңыз

- А) қоршаған орта, тіршілік
- Ә) ракеталар, атом станциялары
- Б) рак, өкпе, қан аздығы ауруы
- В) экологиялық сананың жеткіліксіздігі
- Г) жұқпалы аурулардың көбеюі

## Оқылым

Экологиялық зардап аймағына айналған тағы бір өлке ол - "Байқоңыр" ғарыш аймағы. Байқоңырмен шектес Ұлытау даласының қай түкпіріне үңілсеңіз де, әртүрлі зымырандардың сынығынан аяқ алып жүру қиын. Бұлар зымырандардың бірінші ұшу сатысынан айырылып, жерге құлаған бөлшектері. Зымырандардың отын құрамында хлорлы қосылыстар жиі кездеседі. Аспаннан от жалынға оранып түскен қалдықтар 3-4 гектар аумақты улап, өртеп, тып-типыл етіп кететіндіктен, ұзақ жылға дейін, қу тақырларға айналған бұл жерлерде ештеңе өспейді. Байқоңыр ғарыш аймағының аумағында зымыран бөлшектері құлайтын 39 аудан белгілі және ол 105 мың шаршы км-ден асады. Олар төмен құлдилап келе жатқанда, сұйық отын ретінде қолданылатын дептил төгіліп, шашылып ауаны, жер мен суды улайды. Одан тараған уландырғыш заттар, сол төңіректе 130 елді мекеннің үстін себелеп өтеді. Зерттеулер анықтағандай зымыран ұшырылған кезде ауаның ластануы 100 мың автомобильден будақтаған түтінге тең. Белгілі мәліметтер бойынша бір зымыран ұшқан кезде оның отынынан ауаға тасталатын зиянды зат мөлшері 300 тоннаға жетеді. Мұның бәрі ең алдымен адамдар денсаулығына әсер етеді.

1. Мәтін мазмұнына сәйкес тақырып:

А) Байқоңыр ғарыш аймағы

Ә) Зымыран бөлшектері

Б) Зиянды заттар

В) Ұлытау ауданы

Г) Ауаның ластануы

2. Зымыранның отын құрамында не кездеседі?

А) бөлшектер

Ә) қалдықтар

Б) түтін

В) хлорлы қосылыстар

Г) ластанған ауа

3. Ғарыш аймағында ештеңе өспейтін себебі:

А) уландырғыш заттар

Ә) қатерлі ісік аурулары

Б) жердің уланып, өртенуі

В) будақтаған түтін

Г) ауаның ластануы

4. Үңілу етістігінің синонимі

А) бару

Ә) көру

Б) білу

В) тарау

Г) қарау

5. Бір зымыранның ауаға тасталатын зиянды зат мөлшері:

А) 130 тонна

Ә) 100 тонна

Б) 39 тонна

В) 300 тонна

Г) 105 тонна

Алғашқы пошта жәшігі бұдан 1500 жыл бұрын пайда болған . Ол кезде жәшік қызметін кәдімгі етік атқарған екен.

Португалия саяхатшысы Бартоломео Диаш 1500 жылы бірнеше кемеден тұратын экспедициямен ашық теңізде жүзіп келе жатады. Оңтүстік Африка жағалауына келгенде қатты дауыл соғып, кемелердің бәрі апатқа ұшырайды. Тек бір кеме ғана жағалауға әрең жеткен. Сол жалғыз кемедегі саяхатшылар жақын арада көмек келмейтінін білген соң , бастан кешкен оқиғаны қағазға жазған. Хатты кейін біреулер тауып алар деген үмітпен етіктің ішіне салып, ағашқа іліп кетеді.

Бір жылдан соң португалдық капитан Джоао басқарған кеме жағалауға келіп тоқтап, хатты тауып алады. Капитан қаза тапқан теңізшілерге арнап шағын ғибадатхана тұрғызуға бұйрық береді. Кейін ол жерге адамдар келіп тұра бастайды және ол шағын еуропалық кентке айналады.

Моссел Бей деген адам бұғазда пошта жәшігіне ескерткіш орнатады. Бетоннан жасалған ескерткіштің пішіні етікке ұқсайды.

1.Мәтін мазмұнына сәйкес тақырып:

А) пошта жәшігі

Ә) капитан Джоао

**Б) пошта жәшігінің тарихы**

В) саяхатшы Диаш

Г) Моссел Бей

2.Кемелердің апатқа ұшырау себебі:

**А) қатты дауыл соқты**

Ә)жаңбыр жауды

Б) бұйрық берді

В)боран соқты

Г)тауып алды

3.Ғибадатхана кімге арнап салынды?

А)португалдық капитанға

**Ә)қаза болған теңізшілерге**

Б)Моссел Бейге

В) Пошта жәшігіне

Г)португалдық саяхатшыға

4.**Пішіні** сөзінің синонимі

А) беті

Ә) түсі

**Б) формасы**

В) іші

Г)сырты

5.Хатты неге етікке салды?

А)жоғалмасын деп

**Ә)біреулер тауып алар деп**

Б)су болмасын деп

В)көмек келер деп

\*\*\*\*\*

Отбасында бәрі жиналып, бірге бас қосқанды сүйетін. Дәл уақытында дастарқан басына жиналу тәртібі қалыптасқан. Талғат қана кешігіп жүретін. Әкесі, шешесі, атасы, әжесі тамақтануға үстел басына жиналғанда, тек Талғат болмайтын.

- Талғат, кел, тамақ іш,— деп шешесі шақыратын.

- Қазір, бір минуттан кейін барамын,- деп Талғат кітабын оқи беретін. Бұл оның әдеттегі жауабы еді.

Әкесі оған:

- Сен уақытты қадірлеуді қашан үйренесің?- дейтін. Сонда баласы:

- Бір минут деген уақыт па?- деп жауап беретін.

Бір күні Талғат жарысқа қатысты. Ол өзінің мәреге бірінші болып келетініне сенімді болды. Бірақ ол жеңімпаз болған жоқ. Оның жолдасы бір минутқа озып келді. Үйге көңілсіз келді.

- Ештеңе етпес! Бір минут деген көп уақыт па?- деді әкесі.

1.Отбасында қандай тәртіп қалыптасқан?

А) кітап оқу

**Ә)дәл уақытында дастарқан басына жиналу**

Б)үстел басына жиналу

В) уақытты қадірлеу

2. Мәтін мазмұнына қай тақырып сәйкес келеді?

А) Жарыс

Ә)Отбасындағы тәртіп

**Б) Бір минут**

В)Жеңіс

3.Талғат неге көңілсіз?

А) тамаққа кешікті

Ә)жарысқа қатысты

**Б) Бір минутқа кешікті**

В) жолдасынан озып кетті

## Г) Әкесі ұрысты

Уақыт – адам өмірінің ақшалай құны. Уақыт – әркімнің нақтылы өмірлік капиталы. Адамның босқа кеткен әрбір сәті отқа жаққан теңгемен тең. Адамның ақшалай уақыты адамның өзіне байланысты. Біреудің бір сағаты мың теңге болса, енді біреулердікі бір тиын.

Кісінің кісілігі уақытты босқа өткізбеуден басталмақ. Даналық жасқа байланысты емес. Елдің бәріне ортақ бір-ақ күнтізбе бар, тек оны әркім әр түрлі пайдаланады. Ханға да, қараға да берілетін мерзім – тәулігіне жиырма төрт сағат. кім уақытын бағалай билсе, сол ғана тектілердің қатарына қосылмақ.

Уақыт алтыннан қымбат. Неліктен олай айтылған? Өйткені адам уақытты сезінгенде ғана өзін-өзі қадағалап отырады. Өзіне-өзі бағыт белгілейді. Дүниедегі ең жаман дерт-еріншектікті жеңеді. Өзін нағыз адам етіп тәрбиелеп шығады. Бүгінде іскерлер әлемін басқаратын ұлы мәртебелі - уақыт.

Адамның әрбір күні, әрбір сағаты мақсатсыз өтпеуі керек. Өмірдегі әрбір уақытын, өз бойындағы қайрат-жігерін, ақыл-ойын өмірге, өзі өмір сүріп отырған қоғамға жұмсап, қалтықсыз еңбек етуге, сөйтіп өзі үшін де, өзгелер үшін де игіліктер жасауға жұмсауы керек. Уақыт бізбен санаспайды, тез өтіп кетеді. Сондықтан өмірдің әрбір сәтін бір күндік қызықтармен ғана өткізбей, өмірдің мазмұнсыз болмауын қадағалау керек.

Қазіргі жастық шақ – адамның өмірінің қайратты да, мүмкіндігі мол тамаша шағы. Оны жылдың көктем мезгілімен салыстыруға болады. «Көктемнің бір күні - жылға азық», - дейді халық. Ендеше жастықтың бір күні - сенің бүкіл өміріңе азық деуге болады. Уақыт бар ғой деп бүгінгі ісіңді ертеңге қалдырма.

1 Мәтіндегі негізгі ой қай сөйлемде берілген?

А) Тәулігіне 24 сағат

**Ә) Уақыт алтыннан қымбат**

Б) Уақыт бізбен санаспайды

В) Бүгінгі ісіңді ертеңге қалдырма

2. Жастық шақты немен салыстыруға болады?

А) адам өмірімен

Ә) бос уақытпен

**Б) Жылдың көктем мезгілімен**

В) Бір күндік қызықтармен

3. Мәтін мазмұнына сәйкес мақалды табыңыз

А) Көктемнің бір күні – жылға азық

Ә) Уақыт-адам өмірінің ақшалай құны

Б) жастықтың бір күні бүкіл өміріңе азық

**В) Уақыт алтыннан қымбат**

4. Уақыт ..... басқарады

А) бізді

Ә) жастарды

**Б) іскерлер әлемін**

В) адамды

## Су - тіршілік көзі

*Дастан:* Салтанат, не оқып отырсың?

*Салтанат:* Мына бір мақала қызық екен.

*Дастан:* Қандай мақала?

*Салтанат:* «Суды да қарызға алып жүрмейік» деген. Су маманының көзімен қарасақ, көп мәселе жатыр екен. Ал біз назар аудармаймыз.

*Айнұр:* 2003 жылды Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас ассамблеясының халықаралық ауыз су жылы деп жариялануының өзінде үлкен мән бар. Өйткені су – тіршілік көзі, ұлттың денсаулығы, тек Қазақстан мемлекетінің ғана емес, бүкіл әлемнің болашақ өмірінің кепілі.

*Дастан:* Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымдарының мәліметтеріне қарағанда, әлемде жыл сайын ауыз су сапасының тым төмендігінен 5 млн. адам өледі екен. Бұл дегеніңіз - бір жылда кішігірім бір мемлекеттің халқы жойылып кетіп отырады деген сөз.

*Салтанат:* Мына мақалада айтылған деректер бойынша, жалпы, ТМД бойынша, Қазақстан сумен жабдықталу жағынан ең төменгі орында екен. Еліміздегі өзен ағынының 56 пайызы ғана өз территориямызда құрылады екен. Бұл ахуал Қазақстанды өзен бастауында орналасқан мемлекеттерге (Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан) тәуелді етіп отыр.

*Шынболат:* Тұрғындар мен экономиканы сумен қамтамасыз етудің нашарлығы бірнеше себептерден тұрады. Бірінші себеп – трансшекаралық өзен сулары көлемінің азаюы. Екінші себеп – климаттың өзгеруіне байланысты жергілікті сулардың 10-12 пайызға кемуі. Алдағы уақытта бұл жағдай бұрынғыдан күрделене түседі. Өйткені дүниежүзінің климат зерттеушілерінің айтуынша, климаттың жаһандық жылына бастауына орай, жер бетінде бірнеше аймақтық өзен-сулары тартылып кетпек. Сол көрсетілген аймаққа Қазақстан да еніп тұр. Бұл мәселені «География институты» МЕК директор орынбасарының айтуынша, шешудің екі жолы бар, - дейді ғалымдар. Біріншісі – жерасты ресурстарын кеңейту, қолда бар су ресурстарын үнемдеп пайдалану. Екіншісі - Сирия, Израиль елдеріндегідей суды үнемдеудің жаңа технологияларын ендіру.

*Гүлназ:* Ал «Алматы гидрология» ЖШС бас директорының айтуынша, экономика үшін де, тұрғындар үшін де алдағы уақытта пайдаланатын су көлемі жыл өткен сайын азайғаны –азайған.

Алматы жерасты суларын пайдалану өте азайып кетті. Ауыз суына пайдаланатын нағыз байлық жер астында жатыр.

*Кәмилә:* Бізде, ащы да болса, мойындамайтын бір шындық – астана, серіктес қалалар салуды қолға аламыз да, ертеңгі күні ауыз сумен қалай қамтамасыз ететінімізді қаперімізге алмайтын жаман әдет қалыптасып отыр. Бүгінде Астана халқын таза ауыз суымен жабдықтау – үлкен мәселеге айнала бастады. Меніңше, су құбырларын тартқан кезде де бағыт-бағдарсыз жұмыс істеуге болмайды.

*Айсәуле:* ауылшаруашлығы министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, 15 жылда Қазақстандағы суармалы жер көлемі 2,5 миллионнан, 1,2 миллионға түскен. Қандай себептерден дейсіздер ғой, дұрыс суарылмағандықтан, яғни шектен тыс суарылған.

Ал, шектен тыс суарылған алқаптар тұзданып, өз өмірлігін жойып, істен шығатыны белгілі. Осындай қарқынмен барды оңды-солды шаша беретін болсақ, суды сырттан қарызға сұрауымыз да мүмкін. (Негізгі мәліметтер «Айқын» апталығынан алынды 03.05.07).

**Мәтінге байланысты түсінікті тексеруге арналған тест тапсырмаларын орындаңыз.**

1. Қажетті сөзді таңдаңыз.

2003 жылды БҰҰ халықаралық .... деп жариялаған.

- A) жер күні
- B) су күні
- C) ауыз су жылы
- D) теңіз күні

2. Сөйлемді аяқтаңыз.

Өйткені су – тіршілік көзі, ұлттың .....

- A) мақсаты
- B) міндеті
- C) идеясы
- D) денсаулығы

3. Сөйлемді мәтінге қатысты байланыстырыңыз.

Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымдарының мәліметтеріне қарағанда, әлемде жыл сайын 5 млн адам өледі екен, ...

- A) себебі ауыз су жоқ
- B) себебі ауыз су сапасы тым төмен
- C) себебі соғыстар көп
- D) себебі апаттар көп

4. Сөйлемді аяқтаңыз.

ТМД бойынша Қазақстан сумен жабдықталу жағынан .....

- A) өте жақсы
- B) жоғары деңгейде
- C) ең соңғы жағында
- D) алдыңғы орында

5. Сөйлемді жалғастырыңыз.

Тұрғындар мен экономиканы сумен қамтамасыз ету нашар, себебі .....

- A) трансшегаралық өзен сулар көлемі азайған
- B) күн өте ыстық
- C) басқара алмаймыз
- D) қар, жаңбыр жаумайды

6. Сөйлемді жалғастырыңыз.

Бұл мәселені шешуге болады, өйткені .....

- A) жерасты сулары бар және суды үнемдеу технологиясы да бар

- B) қаржы-қаражат көп
- C) трансшегаралық өзендер көп
- D) жаңбыр көп жауады

7. Сөйлемді толықтырыңыз.

Ауыз суына пайдаланатын нағыз байлық ..... жатыр.

- A) жер үстінде
- B) жер астында
- C) аспанда
- D) қаржыда

8. Асты сызылған сөзге сәйкесін табыңыз.

Қала салуды қолға аламыз да, оны ауыз сумен қалай қамтамасыз ететінімізді қаперімізге алмайтын жаман әдет қалыптасып отыр.

- A) ойымызға, есімізге
- B) қаперге
- C) қателікке
- D) жаңсақтыққа

9. Сөйлемді жалғастырыңыз.

Қазақстанда суармалы жер көлемі 2,5 миллионнан 1,2 миллионға түскен, себебі .....

- A) дұрыс суарылған
- B) дұрыс суарылмаған
- C) жақсы өңделген
- D) жер көп

10. Алқаптар өз өнімділігін жойған, себебі .....

- A) шектен тыс суарылған
- B) ешқандай суарылмаған
- C) су жетпеген
- D) тыңайтқыш аз

\*\*\*

Футбол - әлемдегі ең танымал ойын. Футбол милиондардың спорты. Адамдар Англияны қазіргі футбол отаны деп таниды. Бірақ көптеген басқа да мемлекеттер де осы ойынның «аталары» бола алады. Египетте, Грецияда, Жапоняда, Қытайда тарихшы – ғалымдар көне доптарды тапқан. Қытайда футбол ойыны дзу-ню, көне Грецияда – Эпискирос, Жапоняда – Кемари деп аталған. Адамдар ресми түрде Англияда ХІХ ғасыр ортасында футбол ойнай бастаған. Онда 4 футбол тобы болған. Арнайы алаңда ойнаған. 1871 жылы Англияда бірінші футбол ойыны болды, ал 1872 жылы ағылшын және Шотланд командасының бірінші кездесуі болды.

1904 жылы спортсмендер халықаралық футбол ассоциациясын – ФИФА-ны ұйымдастыруды шешті. Француз Роберт Герек оның тұңғыш президенті болды.

Әйелдер де спортты жақсы көреді. ХХ ғасырдың басында алғашқы әйелдер командасы футбол ойнай бастады. Ал қазір әйелдер футболы олимпиада ойынының бағдарламасында бар. (Баспасөз беттерінен)

1. Мәтінге нақтырақ атау таңдаңыз. (Выберите наиболее точное название текста)

- A) Футбол тарихы
- B) Англия – футбол отаны
- C) Футбол - әйелдер ойыны
- D) ФИФА туралы

2. Әдетте, адамдар ... футбол отаны деп санайды.

- A) Грецияны
- B) Францияны
- C) Англияны
- D) Қытайды

3. Адамдар футболды ресми түрде ... ойнай бастады.

- A) XIX ғасырда
- B) XX ғасырда
- C) XV ғасырда
- D) XVIII ғасырда

4. Англияның бірінші футбол турнирі ... болды.

- A) 1872 жылы
- B) 1871 жылы
- C) 1870 жылы
- D) 1876 жылы

5. Футболистер бірінші рет футболды ... ойнады.

- A) Стадионда
- B) Арнайы алаңда
- C) Үлкен алаңда
- D) Жабық алаңда

6. 1872 жылы ... бірінші кездесуі болды.

- A) Англия және Француз командасының
- B) Англия және Германия командасының
- C) Англия және Шотландия командасының
- D) Англия және Жапон командасының

7. ФИФА-ның бірінші президенті Роберт Герен ...

- A) Франциядан
- B) Англидан
- C) Жапониядан
- D) Қытайдан

8. Олимпиада ойындары бағдарламасында ... бар.

- A) Тек қана ерлер футболы
- B) Ерлер және әйелдер футболы

- C) Әйелдер футболы
- D) Тек қана әйелдер

\*\*\*

Сіздің шет тілін оқығыңыз, білгіңіз келетін шығар, мысалы испан тілі? Онда сізге Испанияға бір жылға баруыңыз керек немесе испанша сөйлейтін елге барып, бір отбасында тұруыңыз керек. Бір жылдан кейін сіз испанша жақсы білесіз және тамаша сөйлейсіз. Халықаралық тіл мектебі сізге елді таңдауға және отбасын табуға көмектеседі.

1. Бұл мақала ... туралы.

- A) Отбасы туралы
- B) Оқу туралы
- C) Испания туралы
- D) Испан мектебі туралы

2. Сөйлемді аяқтаңыз.

Мәтін мазмұны халықаралық тіл мектебінің ...

- A) жарнамасы
- B) хабарламасы
- C) хабары
- D) ұсынысы

### Оқылым бөлігі

#### Оқыңыз.

Күй – музыкалық жанр, қазақ халқының аспаптық пьесасы. Домбыра, қобыз, сыбызғыда шығарылып, тартылып келген. Музыка өнерінің дамуына байланысты күйлер халық аспаптары оркестрлерінің репертуарларында көп орындалады. Күй 14-ғасырда жеке музыкалық жанр болып қалыптасты. Күйлердің идеялық-көркемдік диапазоны кең. Халық күйшілері өздерінің шығармаларында адамдарды, жануарларды, құстарды, табиғат құбылыстарын суреттейді. Күйлер мазмұнына қарай тарихи күйлер, музыкалық күйлер, аңыз күйлер, қаралы күйлер, арнау күйлер сияқты тақырыптарға бөлінген.

(Қазақ мәдениеті энциклопедиялық анықтамалық, 2005 ж., 63 сөз)

61. Мәтін мазмұны ... туралы

- A) күй
- B) музыка
- C) күйшілер
- D) музыка өнері

\*\*\*

Мамандар Қазақстандағы оқу бағасының жыл сайын шамамен 15%-ға көтеріліп отырғанын айтады. Соған қарағанда, отандық университеттердегі қаржы-экономика, заң, физика-математика, халықаралық қатынастар факультетінің мамандықтары бойынша оқуға биыл түсетін балалардың ата-анасы енді тамақ-киімді санамағанда, жыл сайын оқуға 300 мың теңге төлеуге мәжбүр болады.

Қазақстандық мектеп түлектері Малайзия мен Сингапурға да көбірек бара бастады. Себебі ол жақтағы ең арзан оқу бағасы – біздегі орташа баға саналатын 3 мың доллардан басталатын көрінеді.

Ал Сингапурда оқу шамамен 8 мың долларға түседі екен. Бұл жерде шетел университеттерінде оқу бағасы Қазақстандағыдай жыл сайын өзгермейтінін айта кету керек. Ал Қазақстаннан студент тарту үшін өз өкілдігін ашқан университеттер арасында оқу ақысының қымбаттығы жағынан Ұлыбритания, Австралия және АҚШ-тың ЖОО-лары оқ бойы алда келеді екен.

(«Айқын» газетінен, 126 сөз)

62. Мәтін ... туралы.

- A) оқу бағасы
- B) жоғары оқу орны
- C) шетелдегі оқу орны
- D) оқулар

63. Асты сызылған сөзге сәйкесін табыңыз.

Оқу ақысының қымбаттығы Ұлыбритания, Австралия, АҚШ жоғары оқу орындары оқ бойы алда келеді екен.

- A) баяу
- B) тым алда
- C) алда
- D) алдында

\*\*\*

Қазіргі сан салалы математика ғылымы сайып келгенде төрт негізгі ұғымға сүйенеді. Олар: сан, жиын, функция және группа ұғымдары. «Ғылымдардың патшасы – математика, ал математиканың патшасы - арифметика», – деген нақыл бәрімізге мектептен таныс. Бұрын арифметика солай бағаланған.

Сан ұғымы өте ерте замандарда қалыптасқан. Ол математиканың талай ғасырды басынан өткерген қарт емені сияқты.

Табиғатта кездесетін заттарды санаудан 1,2,3,4,5,... т.с.с. сандар шығады. Мұндай сандар натурал сандар деп аталады. Адамзат алғашқы кезде осы натурал сандарды ғана пайдаланған, кейін солар арқылы бөлшек, теріс, иррационал, комплекс, гиперкомплекс сандар ұғымына келген. Сан ұғымының кеңеюі мен дамуы он мыңдаған жылдарға созылған.

Натурал сандар қатарының шексіздігін, басқаша айтқанда олардың сансыз көп екендігін ежелгі грек математигі Пифагор, Евклид және Архимед дәлелдеді.

Алайда, натурал сандар жүйесін игеру, оларға амалдар қолдану, сандар мен амалдардың қасиеттерін түсіну – оңай болған жоқ. Сан ұғымы өте баяу дамыды.

Сандар цифрлар арқылы жазылады. Қазіргі цифрлар ежелгі Үндістанда шыққан, ұлы өзбек математигі Мұхаммед Хорезмидің кітаптары арқылы дүние жүзіне тараған.

Сан – адамзат тарихының елеулі бөлігі. Халық бар жерде әрдайым сан да бар. Сансыз өмір жоқ. Сондықтан сандарды білу керек. Оларды зерттеп, жасырын жатқан сырларын ашу керек. Сандар – дүние жүзі халықтарына ортақ қазына. Сан есімдер әр түрлі тілде әр түрлі айтылғанымен, сандардың мағыналары мен заңдары бірдей. Мысалы, екі мен үштің қосындысы бес болады. Бұл заң халықтардың тіліне, мекеніне, шаруашылығына тәуелсіз. Оны ешкім де және ешқашан да өзгерте алмайды.

(Математика мен математиктер жайындағы әңгімелер, 1970 ж., 218 сөз)

64. Мәтіндегі негізгі ақпарат ... туралы.

- A) сандар
- B) сан есім
- C) ғалымдар
- D) математиктер

65. Асты сызылған сөзге сәйкесін табыңыз.

Натурал сандар шексіз.

- A) шектеледі

- B) сансыз көп
- C) шектеу
- D) шектеулі

66. Асты сызылған сөзге сәйкесін табыңыз.

Сан ұғымы өте баяу дамыды.

- A) жылдам
- B) жай
- C) баяулау
- D) баяулатпай

67. Сөйлемді жалғастырыңыз.

Сандардың мағыналары мен заңдары бірдей болғанмен, ...

- A) сан есімдер әр түрлі тілде әр түрлі айтылады.
- B) бірдей айтылады
- C) бірдей аталады
- D) сан есімдер түрі көп

\*\*\*

Бал арасының уымен емдеудің Египет жазбаларына сүйенер болсақ, 3500 жылдық тарихы бар. Медицинаның атасы Гиппократтың өзі бұл емдеу тәсілінің маңызы мен тиімділігі туралы көп жазған. Клеопатра патшайым таңертеңгілік, кешкілік шомылғанда араның балын да, уын да пайдаланған. Бұл адамды жасартады, күш-қуатты арттырады.

Ара уының құрамы мынадай витаминдер мен микроэлементтерден тұрады: B2, B6, E витаминдері, кальций, марганец, мыс, темір, натрий.

Іш құрылысы ауруларын, қалқанша безді, қатерлі ісік ауруын, ревматизмді, жүйке ауруларын, гипертонияны емдеуде таптырмайтын дүние. Гемоглабинді де көтереді.

Ара уының медициналық атауы – апитоксин. Апитоксинді – таблетка түрінде емес, арадан бөлінген табиғи түрде және көп жағдайда сықпалы май түрінде пайдаланады. Араның уы майтестерден және минералды заттардан, аминақышқылдар мен белоктардан тұрады. Алайда, ара уының химиялық құрамы толық зерттеліп болмаған. Апитоксин – ешқандай

микроорганизм түзбейді. Көп терапияның ішінде бүгінде аса көп қолданыла бермейтін, бірақ өлшеусіз көмегі бар, ежелгі емдеу тәсілдерінің бірі – апитерапия. Апитерапия – араның уымен және көк шыбынның личинкасымен емдеу тәсілі. Ара уы деп отырғанымыз – бал. Оның емдік қасиетінің мол екені ежелден белгілі.

(Әбдірайым Қайымұлы, дәрігер. 156 сөз)

68. Мәтіннің бірінші бөлігіндегі негізгі ақпаратты табыңыз.

- A) бал
- B) бал арасы
- C) бал арасы уымен емдеу
- D) балмен емдеу

69. Мәтіннің екінші бөлігіндегі негізгі ақпаратты табыңыз.

- A) ара
- B) бал
- C) ара уының құрамы
- D) витаминдер, микроэлементтер

70. Сәйкесін табыңыз. Ара уы

- A) ү
- B) бал
- C) аралар
- D) ем

\*\*\*

Қазақстандағы ең тұнық көл – Марқакөл. Бұл Шығыс Қазақстанның Күршім және Азутау жоталарының арасында алып аруананың көзінде мөлдіреп жатыр. Ол теңіз деңгейінен 14,85 метр биіктікте орналасқан. Көлдің ұзындығы – 39, ені 20 километр. Тереңдігі 27 метр. Марқакөлдi келіп құяды, бір ғана Қалжыр өзені ағып шығады. 1976 жылы Марқакөл ауданында жалпы көлемі 71359 гектар мемлекеттік Марқакөл қорығы құрылды. Қорық сұлулығы Швейцариямен теңдеседі.

Шығыс Қазақстанда үлкенді-кішілі 300-ден астам өзен бар. Мұнда 75 көл бар. Солардың ең үлкені – Зайсан көлі. Ол тұщы көл. Ал, Рахман бұлағы бәрінен де биіктікте. Теңіз деңгейінен 1750 метр биіктікте. Суы шипалы.

(Географиялық анықтамалықтан, 93 сөз)

71. Мәтін мазмұны ... туралы

- A) Марқакөл
- B) Марқакөлдің тереңдігі
- C) Қалжыр өзені
- D) 75 көл

72. Асты сызылған сөзге сәйкесін табыңыз.

Суы шипалы

- A) дәмді
- B) тұщы
- C) ем
- D) ащы

\*\*\*

Атасы он жасар ұлымен далада келе жатып, баласынан сұрады:

- Анау өрмекшіні көрдің бе, не істеп жүр?
- Көрдім, өрмек тоқып жүр.
- Анау құмырсқаны көрдің бе?
- Көрдім, аузында нанның қиқымы бар, жүгіріп кетіп барады.
- Жоғары қарашы, аспанда не көрінеді?
- Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар.

Сонда атасы айтты:

- Көрдің бе, балам, ол кішкентай жәндіктердің бәрі еңбек етіп жүр. Өрмекші өзіне азық ету үшін маса, шыбынға тұзақ құрып жүр. Құмырсқа бала-шағаларына тамақ іздеп, нанның қиқымын тапқан соң, өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан үйіне жүгіріп барады. Ал қарлығаш

балапандарына ұя істеу үшін шөп жиып жүр. Байқадың ба, балам жұмыссыз жүрген ешкім жоқ. Сен де осылардан үлгі ал, жұмыс істеуді үйрен»- деді.

(Ы.Алтынсарин. 100 сөз)

73. Мәтін мазмұнының қорытындысы:

- A) үлгілі бол
- B) сабақ оқы
- C) еңбек ет
- D) жәндіктердің еңбегі

74. Асты сызылған сөзге сәйкесін табыңыз.

Аузында нанның қиқымы бар, жүгіріп барады.

- A) бөлігі
- B) тілімі
- C) түйірі
- D) тілігі

\*\*\*

Компьютер мен ұялы телефон күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналған қазіргі уақытта олардың пайдасымен қоса зияны да шаш етекпен екенін естен шығармаған жөн. Десек те, күнделікті қажеттілікті өтеу үшін техниканың бұл түрлерінен біржолата қол үзіп қалуға болмайды.

Ғалымдар уақытының көп мөлшерін компьютер алдында өткізетін адамдардың басқа адамдарға қарағанда онкологиялық ауруларға ұшырау қаупінің басымдау екенін айтып отыр. Сонымен қатар, қазіргі қала көшелеріндегі қаптаған компьютерлік клубтардағы ойындар адамды лейкоз дертіне шалдықтыратынын дәлелдеген.

Ұялы телефондарға жүргізген зерттеулері бойынша мынандай тоқтамға келген: әр аптада күніне 10 минуттай уақыт ұялы телефонды пайдалану – адам ағзасын функционалдық өзгерістерге ұшыратады екен. Яғни небәрі 10 минуттық тілдесуден кейін ағзаңыздың өз қалпына қайта келуі үшін 8 сағат керек. Тәжірибе кезінде 8 жыл бойы күнделікті ұялы телефонды пайдаланған адамды медициналық тексеруден өткізгенде, оның ағзасының паталогиялық жағынан едәір өзгерістерге ұшырағаны анықталған. (Баспасөз беттерінен).

75. Мәтіндегі негізгі ақпарат ... туралы

- A) компьютерлер
- B) ұялы телефондар
- C) компьютер мен ұялы телефонның пайдасы мен зияны
- D) компьютердің зияны, телефонның қажеттігі

76. Асты сызылған сөзге сәйкесін табыңыз.

Олардың пайдасы мен зияны шаш етектен

- A) зиянды
- B) зияны мен пайдасы
- C) өте көп
- D) өте қажет

77. Компьютер алдында көп отыратын адамдардың онкологиялық ауруға ұшырау қаупі басымдау, себебі ... ..

- A) ғалымдардың зерттеуі бар
- B) жоқ
- C) дәлелденбеген
- D) көп

78. Күніне 10 минуттай уақыт ұялы телефонды пайдалану - ... ..

- A) өте зиян
- B) зиянсыздау деп ойлаймын
- C) зиянсыз
- D) зияны жоқ

79. Ұялы телефонмен ұзақ сөйлессеңіз, организмнің өз қалпына келуі үшін .. . керек.

- A) сегіз сағат
- B) сегіз күн
- C) сегіз минут

D) бір күн

80. Ұялы телефонмен ұзақ сөйлесу - патологиялық өзгерістерге әкеледі, сондықтан ...

A) көп пайдалануға болмайды

B) көп пайдалану керек

C) жиі қолдануға болады

D) жиі қолданыңыз

### Оқылым бөлігі

#### Оқыңыз.

Жер шарының үштен екісі – су. Оның 97% жарамсыз тұзды теңіз суынан тұрады. Бізде су көп пе, аз ба? Демек, жердің физикалық-географиялық картасына қарағанда көгілдір түс көбірек болғанымен, су ресурстары көп емес. Планета халқының үштен бірі қазірдің өзінде-ақ су тапшылығына ұшырап отыр. Жаңа ғасырда таза су тауарға айналды. Германия тұщы суды Швециядан сатып ала бастады, АҚШ бір текше метр тұщы су үшін Канадаға 5 центтен төлейді. Гонконг ауыз суды Қытайдан алады. Тасымал сумен тұтас бір мемлекет – Алжир тіршілік етіп отыр.

(Баспасөз беттерінен, 81 сөз )

63. Мәтін мазмұны ... туралы.

A) ауыз су

B) теңіз

C) өзендер

D) су ресурстары

64. Сөйлемді жалғастырыңыз.

Планета халқының үштен бірі қазірдің өзінде-ақ су тапшылығына ұшырап отыр, себебі ... ..

A) мұхиттар көп емес

B) су ресурстары көп емес

C) ауыз су көп

D) тұщы су көп

\*\*\*

Балқаш көлі оңтүстік-шығыста орналасқан. Ұзындығы – 614 шақырым (км), ені – 74 шақырым (км).

Балқаш көліне Іле, Лепсі, Аякөз, Бақанас, Қаратал, Мойынты сияқты өзендер құяды.

Балқаш көлінің орташа тереңдігі – 6 метр, кейбір жерлері – 27 метр.

Соңғы жылдары көлдің жалпы аумағы 2000 шаршы метрге (кв. км) азайды, деңгейі 3 метрге түсті. Тұздану арта түсті. Балық азайып жатыр. Арал апаты – бәрімізге сабақ. Үкімет Балқашқа назар аударуы қажет. Ресей мемлекетінде «Байкал көлі туралы» заң бар. Парламент «Балқаш көлі туралы» заң қабылдаса, артық болмас еді. Себебі Балқаш көлі еліміз үшін аса маңызды.

(Баспасөз беттерінен, 80 сөз)

65. Мәтін мазмұны ... туралы.

- A) Жетісу өзендері
- B) Балқаш көлі
- C) Балқаш көлі туралы заң
- D) Арал апаты

66. Сөйлемді жалғастырыңыз.

Балқаш көлі еліміз үшін аса маңызды, сондықтан ...

- A) Байкал көлі туралы заң бар
- B) Балқаш көлі туралы заң қабылдау керек
- C) тұздану арта түсті
- D) Арал апаты бәрімізге сабақ

\*\*\*

Мектепте бәріміз химия пәнін оқыдық. Менделеев кестесімен таныстық. Осы кестені білуге тырыстық. Өйткені химиясыз өмір жоқ. Күнбе-күнгі тіршіліктегі қарапайым ғана дерек. Мұны кішінің де, үлкеннің де білгені дұрыс. Мысалы, салмағы 70 кг адам денесінде ғалымдардың айтуынша, шамамен, 12,6 кг көміртегі, 45,5 кг оттегі, 7 кг сүтегі, 2,1 кг азот, 1,4 кг кальций 150 грамм натрий, 100 грамм калий,

200 грамм магний, 700 грамм фосфор, 157 грамм күкірт, 5 грамм темір, 100 грамм фтор, 1,1 грамм йод, 0,0005 грамм мышьяк болады екен. Адам денесінде дақ күйінде ізі байқалатын микроэлементтер: марганец, бром, мырыш, алюминий, кобальт, мыс, бор, бериллий, барий, строний, ванадий, хром, кадмий, молибден тағы басқалары да кездеседі.

(«Егемен Қазақстан», 29 қаңтар, 2003 ж. 104 сөз)

67. Мәтіндегі негізгі ақпаратты айтыңыз.

- A) Адам денесіндегі элементтер
- B) Менделеев кестесі
- C) адам денесі
- D) химия пәні

68. Асты сызылған сөзге сәйкесін табыңыз.

Адам денесінде ғалымдардың айтуынша, шамамен 12,6 кг көміртегі, 45,5 оттегі, 7 кг сутегі болады екен.

- A) шамалап
- B) шамалы
- C) мөлшермен
- D) мөлшерлі

\*\*\*

Ертеде Үнді елінде ақылды данышпан болыпты. Ол шахмат ойынын ойлап тауыпты. Патшаға бұл ойын өте ұнапты. Данышпанға ойлап тапқаны үшін сыйлыққа қалағаныңды ал,- депті. Данышпан қарт патшадан алтын да, меруерт те сұрамапты, дән сұрапты. Дән шахмат шаршылары сайын екі есеге өсуі керек. Ақылды қарттың бұл сұраған сыйлығына бәрі күліпті, тіпті патша: «Менің жомарттығыма сай емес сыйлық сұрадың», - деп ренжіп те қалыпты. Дана қарт өз сөзінде тұрып алыпты.

Сонымен сарай математиктері күндіз түні демалмастан санапты, санап болған кезде данышпанның сұрағанына Үнді еліндегі дән жетпепті.

Бәрі де шахматты ойлап тапқан данышпанның тағы бір тапқырлығына куә болып, таң қалыпты.

(Баспасөз беттерінен, 94 сөз)

69. Мәтін мазмұны ... туралы.

- A) данышпан қарт
- B) шахмат
- C) патша
- D) сарай математиктері

70. Асты сызылған сөзге сәйкесін табыңыз.

Ертеде Үнді елінде ақылды данышпан болыпты.

- A) Ескіде
- B) Баяғыда
- C) Өткен ғасырда
- D) Өткенде

71. Асты сызылған сөзге мағынасы жақындау сөзді табыңыз.

Ақылды қарттың бұл сұраған сыйлығына бәрі күліпті.

- A) кәрінің
- B) қарияның
- C) данышпанның
- D) данышпаннан

\*\*\*

«Отырар сазы» - Қазақ академиялық фольклорлық-этнографиялық халық музыкалық оркестрі. 1980 жылы Қазақ филармониясы жанынан Н.Тілендиев ұйымдастырды. Алғаш шағын ансамбль ретінде жұмыс істеді. 1982 жылдан бері оркестр. Мұндағы қос ішекті, үш ішекті домбыралар, қобыз, сыбызғы, саз сырнай, жетіген, шаңқобыз, асатаяқ секілді ертеден белгілі музыкалық аспаптардың орындауындағы шығармалар өзінің ұлттық нақышымен ерекшеленеді. Кейіннен оркестрдің аспаптар құрамы кең шанақты және шіңкілдек домбыралар, нар қобыз, жез қобыз, мес қобыз (сазген), адырна, даңғыра тағы басқа музыкалық аспаптармен толықтырылды. Репертуарында: халық күйлері Кеңес, Сарыөзен, Халық композиторлары, Тәттімбеттің «Қос басар», «Сарыжайлау», «Сылқылдақ», Сүгірдің «Кер толғау», «Бес жорға», Н.Тілендиевтің «Ата толғауы», «Аңсау», «Көш керуен»; К.Күмісбековтың «Фараби сазы» шығармалары бар.

(«Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалықтан, 101 сөз)

72. Мәтін мазмұны ... туралы.

- A) күйлер
- B) музыкалық аспаптар
- C) музыка
- D) музыкалық оркестр

73. Асты сызылған сөзге сәйкесін табыңыз.

Шығармалар өзінің ұлттық нақышымен ерекшеленеді.

- A) бояуымен
- B) өрнегімен
- C) музыкамен
- D) күйлерімен

74. Сөйлемді аяқтаңыз.

Мәтін мазмұнында .....

- A) тек қана домбыралар бар.
- B) ұлттық аспаптар түрлері көп.
- C) қобыз туралы ғана
- D) жетіген туралы ғана

\*\*\*

Апта неге жеті күннен тұрады? Ертедегі астрономдар Айдың әрбір фазасы жеті сөткеге созылатынын байқаған. Сондықтан айлық кезеңді төрт аптаға бөлген. Әрқайсысы жеті күннен тұрады. Апта басы демалыс күні болып саналатын сенбіден басталған. Апта күндері аспан денелерінің атымен аталған: сенбі – Сатурн күні, дүйсенбі Айдың күні, сейсенбі Марстың күні, сәрсенбі Меркурийдің күні, бейсенбі Юпитердің күні, жұма – Шолпанның күні және жексенбі – Күннің күні болып аталған. Осы атаулардың кейбірі еуропа тілдерінде бүгінгі күнге дейін сақталған.

Кейбір тілдерде күннің аталуы олардың реттік нөміріне де, әдет-ғұрыпқа да байланысты болған.

75. Мәтін мазмұнындағы негізгі ақпаратты айтыңыз.

- A) жеті сөтке
- B) жеті апта
- C) аптаның жеті күні
- D) күннің аталуы

76. Сөйлемді жалғастырыңыз. Апта жеті күннен тұрады, себебі ...

- A) айдың әрбір фазасы 7 тәулік
- B) айдың әрбір бөлігі 7 апта
- C) айдың әрбір фазасы 7 түн
- D) айдың фазасы күн-түннен тұрады

\*\*\*

Ерте замандарда әр халықтың уақыт есебін жүргізу ережесі әр түрлі болған, сондықтан әр түрлі күнтізбелер болған. Халықтар тарихында египет (мысыр) күнтізбесі, вавилон күнтізбесі, рим күнтізбесі, араб күнтізбесі, майя күнтізбесі болғаны белгілі.

Қазіргі «календарь» атауы Ежелгі Римді мекендеген латын халқының «календариум» деген сөзінен жасалған, ал оның өзі – сол латын тіліндегі календы сөзінен шыққан туынды сөз.

Қазіргі европалық күнтізбе бізге римдіктерден келген, ал рим күнтізбесінің өзі Ежелгі Египет күнтізбесі негізінде жасалған. Араб күнтізбесі – Ежелгі Вавилон күнтізбесінің жалғасы.

Күнтізбе – халықтардың ғасырлар бойы жасаған алтын қазыналарының бірі, атадан балаға қалып келе жатқан асыл мұрасы.

Күнтізбе жеке адамдарға да, мемлекеттерге де қажет, ол бүкіл адамзатқа да қажет. Жақсы күнтізбе табиғат құбылыстарына сәйкес, ғылым табыстары негізінде жасалады.

(М.Исқақов, Халық календары кітабынан, 112 сөз)

77. Мәтін мазмұны ... туралы.

- A) уақыт

- B) әр түрлі күнтізбелер
- C) мұра
- D) ғылым табыстары

78. Сөйлемді жалғастырыңыз.

Әр түрлі күнтізбелер болған, себебі ...

- A) әр халықтың уақыт есебін жүргізу ережесі әр түрлі
- B) әр халықтың өз дәстүрі болған
- C) әр халықтың өз мәдениеті бар
- D) әр халықтың өз тарихы бар

79. Мәтіндегі негізгі ақпарат ... туралы

- A) әр халық
- B) күнтізбелер
- C) Ежелгі Рим
- D) Египет

\*\*\*

Уақытты басқару – өнер. Біреу жұмысқа мезгілінде келіп, мезгілінде кетеді. Бірақ еш нәрсеге үлгері алмайды. Екінші біреу үнемі кешігіп жүреді, әйтсе де, жұмысын өз уақытында орындап тастайды.

Кеңес Одағы кезінде адамдарда уақытты меңгеруге деген еш қажеттілік болмады. Міндетін орындаса болды. Қазір олай емес, әркім өзі үшін жұмыс істейді. Сондықтан кейбіреулер тәуліктің тең жартысын жұмысқа арнап жүр. Бірақ нәтижелі ме? Әркім өз уақытын меңгере ала ма? Қымбат минуттарыңызды үнемдеу бар ма? Өзгелердің уақытына құрметпен қарайсыз ба?

(Қаржы-қаражат журналынан, 67 сөз)

80. Мәтін мазмұны ... туралы.

- A) мезгіл
- B) жұмыс уақыты
- C) уақыт үнемдеу

D) уақытты меңгеру

«Қазақ вальсі» - қазақ биі. Биді қойып, алғаш сахнаға шығарған – Шара Жиенқұлова. Музыкасы Латиф Хамидидікі. Ырғағы жеңіл, әрі екпінді. Бидің екі нұсқасы бар. Алғашқы нұсқасын автордың өзі кезінде одақтың және шетел сахналарында биледі. Бір топ қыздардың билеуіне арналған екінші нұсқасы 1958 ж. Мәскеу қаласында өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде Үлкен театрда көрсетілді.

Қазақ халқының алғашқы кәсіби бишісі Шара Жиенқұлоадан бастау алған би өнері бірнеше ұрпақтың рухани байлығына айналды. Шара Жиенқұлова 1936 жылы Мемлекеттік филармония жанынан би ансамблін құрды.

(«Қазақ мәдениеті»

энциклопедиялық анықтамалықтан, 76 сөз)

65. Мәтіннің бірінші бөлігі – ...туралы

- A) вальс
- B) композитор
- C) «Қазақ вальсі»
- D) би

66. Мәтіннің екінші бөлігі – ... туралы

- A) би өнері
- B) өнер
- C) бишілер
- D) билеу

\*\*\*

Бесік жыры – тұрмыс-салт жырларының көне түрінің бірі. Әлемде бесік жырын айтпайтын халық жоқ. Халық педагогикасының негізіне айналған. Бесік жырында халықтың төл тарихының, дәстүрлі мәдениетінің, ежелгі наным-сенімінің, дүниетанымының көрінісі бар. Бесік жырының басты қызметі – сазды әуен, ырғақты сөзбен баланы тербете жұбата отырып, оның санасына ұлттық тәрбиенің алғашқы нәрін сіңіру. Бесік жыры баланың сәби кезінде, яғни 1-5 жас аралығында, баланың жанына жағымды әуенмен айтылады. Қазақ бесік жырының үлгілерін алғаш Ә.Диваев хатқа түсіріп жариялаған. Бесік жыры – қазақ әйелінің жан дүниесін танытатын жанр. Бесік жыры кәсіби қазақ музыкасында ән жанры ретінде дамыды.

(Қазақ мәдениеті энциклопедиялық анықтамалықтан, 123-бет, 90 сөз)

67. Мәтін ... туралы

- A) ән жанры
- B) әндер
- C) әншілер
- D) ән айтатын ана

68. Сөйлемді аяқтаңыз.

Бесік жырының негізгі мақсаты ....

- A) баланы әнмен тәрбиелеу
- B) ән үйрету
- C) ойнату
- D) ән салу

\*\*\*

Ростислав Викторович Петров, «Простор» журналының редакторы:

- Мен әр күнімді жоспарлайын. Әр күні әртүрлі жоспар жасауға тура келеді. Өйткені күндер бір-біріне ұқсамайды ғой, өз міндеті бар.

Күннің алғашқы жартысында менің жоспарым өзгермейді. Бұл уақытта мен номерге жіберілетін барлық материалдарды оқимын. Түске дейінгі тәртіпті қатаң сақтаймын, тіпті телефон тұтқасын да көтермейтін кездерім болады. Олай етпесем жұмысым, демек, журналдың жұмысы тоқтап қалады. Күннің екінші жартысында авторлармен сөйлесем, келушілер бар, телефон соғушыларға жауап берем. Жоспарланған жұмысымның бәрін орындауға мүмкіндік бола бермейді. Күтпеген жағдайлар кедергі келтіреді. Оларды ертеңгі жоспарға енгізуге тура келеді. Жұмыс барысында көп уақытымды алатын жағдайлар – келіп-кетушілер, телефон қоңыраулары, авторлармен сөйлесу, негізінен менің көп уақытым номерге жіберілетін материалдарды оқуға кетеді. Сондықтан бұл жағынан жұмысымды ақсатпауға тырысам.

(Баспасөз беттерінен, 115 сөз)

69. Мәтін мазмұн ... туралы

- A) жұмыс күні

- B) жұмыс уақыты
- C) күн тәртібі
- D) жоспар

70. Асты сызылған сөзге сәйкесін табыңыз.

Күннің алғашқы жартысында менің жоспарым өзгермейді.

- A) жартысы
- B) түске дейін
- C) күні бойы
- D) күннің алғашқысында

71. Асты сызылған сөзге сәйкесін табыңыз.

Жұмыс барысында көп уақытымды алатын жағдайлар – келіп-кетушілер, телефон қоңыраулары.

- A) жұмыс істегенде
- B) жұмыс кезінде
- C) жұмыста
- D) жұмыстарда

\*\*\*

Үлкендер жапон туралы ең жақсы әңгімесін ең алдымен балаларға, жастарға айтады. Олар бүгінге бас ауыртпайды, болашақты ойлайды. Жаны тыным таппай, жаңалық іздейді. Қысқасы, мұнда бәрі де жастар үшін жасалады. Ал жастар оған жанкештілігімен, адал еңбегімен жауап береді.

Бұл елдің жастары өзін биік ұстайды, биікке ұмтылады екен. Токионың қақ ортасында жастар көшесі, жастар алаңы бар. Бұл жердегінің бәрі жастарға арналған. Тамақ та, киім де арзан. Үкімет болашақтан үміт үзбес үшін жастарға бар жағдайды жасап қойған. Жастар осы жерде өзін қызықтырған, толғандырған шаруалармен айналысады. Провинцияда тұратын жастар, мектеп оқушылары жастар көшесін бір көруді армандайды. Сол үшін де мектеп оларға жағдай жасап, жақсы оқыған жастардың арман-тілектерін орындап отырады.

Жастардың арманы орындалар жер осы. Мұнда түрлі мерекелер, ата-анаға, бауырға қайырымды болу, оларды басың жерге тигенше сыйлау күндері өтеді. Жастардың алдында ең ақылды данагөй шешен шалдары, Нобель сыйлығының иегерлері, жазушылар, ақындар, актерлер жүректен шыққан сөздерін

айтады. Үлкен кісілер мен жастар көп пікірлеседі, сырласады. Жапон жастары бүгінгімен қанағаттанбайды, болашақ үшін, мемлекеттің гүлденуі үшін жұмыс істейді.

Қазақ халқы да жастарына «Ақыл жастан» деп, үлкен үмітпен қараған. «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын!» - деген А.Байтұрсыновтың дана сөзі де жастарға ел тарапынан, мемлекет, үкімет тарапынан үлкен қолдаудың әрқашан керектігін есімізге түсіреді.

Бес жасқа дейін баласын патшадай көретін қазақ 15 жасқа дейін аямай еңбекке баулып, үйрете білген, 15 жастан кейін жастарға сенім артып, біліктілігін бөліскен, үлкен өмірге шыңдаған.

(Қазақстан-Заман, 1.01.2002 ж. 223 сөз)

72. Мәтіндегі басты ақпарат ... туралы.

- A) жастар туралы
- B) жапон елі және жастары
- C) жастар және қарттар
- D) жастар көшесі

73. Асты сызылған сөзге мағынасы жақын сөзді табыңыз.

Мұнда түрлі мерекелер, ата-анаға, бауырға қайырымды болу күндері өтеді.

- A) үлкенге
- B) үлкендерге
- C) іні-сіңіліге
- D) досқа

74. Асты сызылған сөзге мағынасы жақын сөзді табыңыз.

Жазушылар, ақындар, актерлер жүректен шыққан сөздерін айтады.

- A) шынайы
- B) көп
- C) дана
- D) ақыл

75. Асты сызылған сөзге мағынасы жақын сөзді табыңыз.

Үлкен кісілер мен жастар көп пікірлеседі, сырласады.

- A) толғанады
- B) ойланады
- C) сырласады
- D) пікір береді

76. Мақалдың жалғасын табыңыз.

Ақыл жастан, .....

- A) жастардан
- B) асыл тастан
- C) жақсылық жасаудан
- D) даналықтан

\*\*\*

Әлемдегі мемлекеттің рәміздеріне қарап отырсаңыз, қызыл түсті туларды жиі кездестіресіз. Ақ, көк, сары, қара, жасыл түстер де бар. Мемлекеттік тудың негізгі элементі – оның түсі. Әр түрлі түстердің мағыналары бар.

Қызыл түс – өмір түсі. Қанды, отты, махаббатты, батылдықты, күшті білдіреді. Ол бостандық пен тәуелсіздік жолын бейнелейді.

Ақ түс – бұл тазалық, жарық, даналық, үміт. Ақ ту – келісімді, бейбітшілікті білдіреді. Түріктер үшін қасиетті ақ түс. Ананы кейіптейді, бейнелейді.

Көк түс – аспан мен теңіздің түсі, биіктік пен тереңдікті бейнелейді, сондай-ақ тұрақтылық, әділдік, ерлікті білдіреді. Ежелгі египеттіктер бұл түсті шындықты білдіру үшін пайдаланған. Бұл түс грек, рим құдайлары – Зевс пен Гераның түсі. Көк түстің саяси мәні – азаматтық бірлік, ынтымақ.

Сары түс – Күн түсі, даңқты, тәңірлік билікті, сенімді, тұрақтылықты, бірлік, тұтастықты білдіреді. Бұл өмір түсі. Қытайда сары түс – императорлық түс болып саналады. Сары ту сонымен қатар карантинді білдіреді.

Қара түс – жер мен түннің түсі, сақтықты, тұрақтылықты, мойындамауды, торығу, үмітсіздікті білдіреді. Христиандарда қара түс қайғыны білдірсе, жапондарда қуанышты білдіреді.

Жасыл түс – көктемнің түсі, табиғаттың жаңаруын, қуанышты, үмітті, сенімді, молшылықты, гүлденуді, қайта өркендеуді білдіреді, бұл өмір белгісі. Жасыл түс – исламның қасиетті түсі. XX ғасырдың екінші жартысында жасыл түс экологиялық қозғалыстың символы болды.

77. Мәтін мазмұны ... туралы

- A) түстер туралы
- B) түстер және оның мағыналары
- C) түстер және олардың мақсаты

78. Асты сызылған сөзге сәйкес сөзді табыңыз.

Ежелгі египеттіктер бұл түсті шындықты білдіру үшін пайдаланған.

- A) көне кездегі
- B) бұрынғыдай
- C) бұрын
- D) көне

79. Келісім, бейбітшілікті қай түс білдіреді?

- A) көк
- B) жасыл
- C) ақ
- D) көгілдір

80. Жаңаруды, молшылықты, үмітті қай түс білдіреді?

- A) көк
- B) ақ
- C) жасыл
- D) қызыл





